

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина  
университеті» коммерциялық емес акционерлік  
қоғамы



Некоммерческое  
акционерное общество  
«Каззахский национальный  
медицинский университет  
имени С.Д.Асфендиярова»

050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 94 үй  
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30  
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

050012, город Алматы, Улица Төле би, д. 94  
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30  
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

БҰЙРЫҚ  
17.10.2019  
Алматы қаласы

ПРИКАЗ  
264  
город Алматы

4a7e90c92

**Оқу-әдістемелік бірлестік қызметін  
Жобаларды басқару тобы  
форматына өзгерту туралы**

Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік (бұдан әрі - ОӘБ) тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ОӘБ қызметін Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша Жобаларды басқару тобы (бұдан әрі - ЖБТ) форматына өзгертуін қамтамасыз ету.

2. Рөлдерді бекіту:

2.1. ЖБТ жетекшісі – ОӘБ төрағасы Нургожин Т.С.;

2.2. ЖБТ әкімшісі – ОӘБ әдіскері Мукашева Г.Б.;

2.3. ЖБТ-ға қатысушылары - Денсаулық сақтау бағыты бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер қауымдастықтарының, халықаралық үкіметаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де педагог және ғылыми қызметкерлерге мүдделі органдардың өкілдері.

3. ОӘБ жетекшісінің – ЖБТ төрағасының ЖБТ-ға қатысушылардың жұмысын ұйымдастыруға және ОӘБ жобаларын іске асыруға дербес жауапкершілігін бекіту;

4. ЖБТ қатысушыларына қамтамасыз ету:

- ОӘБ дайындау бағыттары бойынша Жобалық кеңсе және ЖБТ өзара әрекеттесу;

- проблемалық мәселелер мен жағдайлар туындаған жағдайда оларды дереу ОӘБ жетекшісіне – ЖБТ төрағасының және ОӘБ – ЖБТ қарауына енгізу.

5. Проблемалық мәселелер мен жағдайлар туындаған кезде ЖБТ төрағасы оларды Жобалық кеңсе – Республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің (бұдан әрі – РОӘК) қарауына енгізуді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрыққа Қосымшаға сәйкес редакцияда негізгі ұғымдардың анықтамалары пайдаланылсын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Директорының хаты.

Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA).

НУРГОЖИН ТАЛГАТ СЕЙТЖАНОВИЧ, INN670930300262,

"С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ, BIN181240006407



<https://kaznmu.isirius.kz/check/4a7e90c92:NBfN35pQvXAZUrtkQhZI3yGvx4I>

Для проверки электронного документа перейдите по адресу: <https://kaznmu.isirius.kz/check/> и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**Негізгі ұғымдар:**

**1. Жобалық кеңсе (Project Management Office)** – негізгі міндеттері жобаларды басқару топтарын дамыту және қолдау, кәсіпқойлар тобын, басшылық жобаларды қамтамасыз ету, сондай-ақ оған бекітілген жобаларды үйлестіру, мониторингілеу және орталықтандыру болып табылатын ұйым.

**2. Жобаларды басқару тобы (ЖБТ)** – бұл әр түрлі қызмет түрлері мен жоба нәтижелері бойынша жұмыс істейтін команда. ЖБТ жобаның жалпы мақсаттарына және команда жұмысының нақты нәтижелеріне қол жеткізуге жәрдемдесу, әдістемеге сәйкес және жобалық менеджмент құралдарын қолдана отырып, жобаларды әзірлеу, Жоспарлау, іске асыру және түзету процестерін басқару үшін жауапты болады.

**3. ЖБТ жетекшісі** – ЖБТ қатысушыларына жалпы басшылықты жүзеге асыратын жоғары оқу орнының лауазымды тұлғасы орындайтын жобалау рөлі. ЖБТ басшысы жоспарға сәйкес жобаны аяқтау үшін негізгі жауапты болады және жобалық кеңсемен, басқа ЖБТ басшыларымен және жұмыс схемасы шеңберінде басқа да мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді

**4. ЖБТ әкімшісі** – қажетті ақпарат пен есептілікті жинақтау, дер кезінде деректер мен жұмыстарды енгізу үшін жобалау кеңсесінің әкімшісімен-ҚР БҒМ ҚҚБД мазмұны мен әдіснамасы басқармасымен жедел өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік бірлестіктің әдіскеріне ЖБТ басшысы бекітетін жобалау рөлі.

**5. Жоба командасы** – толық немесе ішінара жұмыспен қамту жағдайында жобаны іске асыруға қатысатын тұлғалар тобы.

**6. Жоба командасының қатысушысы** – жобаны іске асыруға қатысатын тұлғаға бекітілген жобалық рөл (атқаратын лауазымына және қызмет саласына қарамастан). Жоба командасы қатысушысының негізгі функциясы бөлінген ресурстар шеңберінде белгіленген мерзімде жобаның берілген мақсатына қол жеткізуге қатысу болып табылады. Жобаның ауқымы мен күрделілігіне байланысты жобалық команда шеңберінде қосымша жобалық рөлдер белгіленуі мүмкін (жобаның/кіші жобаның кураторы, жобаның/кіші жобаның менеджері, жобаның/кіші жобаның әкімшісі, жобаның/кіші жобаның үйлестірушісі, жобаның/кіші жобаның сарапшысы, жобаның/кіші жобаның консультанты және т.б.).